

**Үшінші бір елден тауарлар мен қызметтердің Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің рыноктарына кіруін реттеу жөніндегі шаралар туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 сәуір N 465

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 6 қазанда Астана қаласында жасалған Үшінші бір елден тауарлар мен қызметтердің Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің рыноктарына кіруін реттеу жөніндегі шаралар туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Үшінші бір елден тауарлар мен қызметтердің  
Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің рыноктарына  
кіруін реттеу жөніндегі шаралар туралы  
**К Е Л І С І М**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Беларусь Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі, Ресей Федерациясы Үкіметі және Тәжікстан Республикасы Үкіметі,

Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы Z990403\_ шартқа жақтаушылықты растай отырып,

Тараптар арасындағы Кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің Кеден Одағына қатысушы басқа мемлекеттердің (бұдан әрі мәтін бойынша - мемлекеттің) аумағында өзара рынокқа шығу мүмкіндіктері үшін шарттарды ырықтандыруды көздейтін барлық келісімдер мен уағдаластықтарды толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге ұмтылыс білдіре отырып,

мұндай ырықтандыру үшінші елдердің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің мемлекеттің ішкі рыноктарына шығуын реттейтін ұлттық жүйелер үшін залалсыз жүзеге асырылуы тиіс деп есептей отырып,

Тараптардың үшінші елдердің тауарлар мен көрсетілетін қызметтер рыноктарының қолдампаздық деңгейлеріндегі оларға қатысты орын алып отырған айырмашылықтарын пайдалануы себепті туындайтын экономика үшін жағымсыз салдарларын болдырмау немесе барынша азайту қажеттігін мойындай отырып,

Келісім үшінші елдерге қатысты мемлекеттердің сауда-экономикалық режимдерін

жақындату және ең ақырында сәйкестендіру үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесуге тиіс екендігін шамалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1 - б а п

1. Осы Келісімнің ережелері мемлекеттер арасында Кеден одағы шеңберінде қолданылатын уағдаластықтармен көзделмеген жағдайларда қолданылады.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін үшінші елдердің тауарлары мен көрсетілетін қызметтері деп үшінші елдерде шығарылатын тауарлар және Кеден одағы мемлекеттерінің бірінің аумағы арқылы үшінші елдердің экономикалық операторларының қатысуымен өндірілетін және/немесе өткізілетін қызмет көрсетулер ұ р ы л а д ы .

Тараптар бұл ретте Кеден одағы шеңберінде қолданылатын тауарлар шығарылған елді анықтау ережелерін басшылыққа алады.

2. Тараптар мемлекеттер аумағына үшінші елдердің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізу шарттарына қатысты бірыңғай нормаларды, ережелерді, рәсімдерді, тарифтерді енгізгенге және кез келген басқа да шараларды толық сәйкестендіргенге дейін әрбір Тарап өзінің аумағына үшінші елдердің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізу жөнінде ол қолданатын шараларды орағытып өтуді болдырмауға бағытталған шаралар қолдануға құқылы.

3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін шаралар мынадай тәртіппен белгіленсін: тартылған мемлекеттерге қатысты кемсітушіліксіз негізде, осы Келісіммен көзделген тәртіппен және шарттармен қолданылатын, бір мемлекеттің рыноктарына басқа мемлекеттерден тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жеткізуді шектеу жөніндегі ш а р а л а р .

4. Осы Келісімнің мақсаттары үшін көрсетілген шараларды енгізудің мазмұны мен тәртібі мынадай тәртіппен айқындалады:

а) осы баптың ережесіне сәйкес шаралар үшінші елдердің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің мемлекеттердің ішкі рыноктарына шығу шарттарында нақты айырмашылықтар болған жағдайда ғана қолданылады, бұл ретте олардың мазмұны осы айырмашылықтардан туындаған жағымсыз экономикалық салдарларды жоюға немесе барынша азайтуға бағытталуы тиіс;

б) көрсетілген шараларды енгізудің алдында экономикалық салдарлардың аясын, себептері мен көлемін нақты анықтау үшін мүдделі Тараптардың консультациялары б о л ы п ө т у і т и і с ;

в) көрсетілген шараларды енгізу Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясының Мемлекетаралық Кеңесі жанындағы үкімет басшылары Кеңесінің 1998 жылғы 28 сәуірдегі N 20 шешімімен бекітілген, үкіметтердің Кеден одағы мәселелері жөніндегі жобаларды келісе және

шешімдер қабылдау тәртібі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады;

г) енгізілетін шаралар уақытша сипатқа ие және осы баптың а) тармағында көрсетілген айырмашылықтарды жойғанын немесе Тараптар өзара қолайлы уағдаластыққа қол жеткізгеннен кейін дереу жоюға жатады;

д) осы баптың 2-тармағына сәйкес оған қатысты шаралар енгізілген мемлекет олардың күшін жою немесе жұмсарту мүмкіндіктерін талқылау мақсатында консультациялар өткізуге ынтығерлік білдіруге құқылы. Бұл ретте көрсетілген шараларды енгізген мемлекет осы ұсынысты алған күннен бастап бір айлық мерзімде осы консультацияларға кірісуі тиіс.

2 - б а п

Тараптың қабылдайтын шараларын орағытып өтуді болдырмау деп оның әдетте Кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттерге туғызатын жағдайларына ұқсас, үшінші елдердің тауарлары мен көрсетілетін қызметтеріне осы Тараптың өз рыногына шығуға жағдай туғызудан бас тарту құқығы ұғылады.

3 - б а п

Тараптар Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық Комитеті (бұдан әрі - Интеграциялық комитет) арқылы үшінші елдердің экономикалық операторларының мемлекеттердің рыноктарына шығу мүмкіндігі жөнінде қолданылатын шараларды орағытып өту әрекеттері туралы, сондай-ақ осы Келісімнің 1-бабының ережелеріне сәйкес қабылданатын шаралар туралы тұрақты ақпарат алмасып тұратын болады.

4 - б а п

Тараптардың кез келгені депозитарий болып табылатын Интеграциялық Комитетке өзінің ой-ниеті туралы шығуынан кем дегенде алты ай бұрын жазбаша ескерту жолдай отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

5 - б а п

Осы Келісім Тараптар ұлттық заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде қол қойған күннен бастап уақытша қолданылады және депозитарийдің қажетті мемлекетішілік ресімдердің орындалғаны туралы Тараптардан соңғы хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің түпнұсқалық данасы Интеграциялық Комитетте сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Астана қаласында 2000 жылғы 6 қазанда орыс тілінде бір данада жасалды.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Б е л а р у с ь</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қ ы р ғ ы з</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Р е с е й</i>	<i>Ф е д е р а ц и я с ы</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Т ә ж і к с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК